

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 37.015.3

Қолжазба құқығында

**АШИРБАЕВА НАЗИЛЯ НУРКАНАТОВНА**

**Арнайы әскери мектептерде оқушылардың зияткерлігін дамытудың  
педагогикалық шарттары**

6D010300-Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі  
педагогика.ғ.д., профессор Амирова А.С.

Шет елдік кеңесші:  
педагогика.ғ.д., профессор  
Она Монкявичиене (Литва)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2015

## **МАЗМҰНЫ**

<b>НОРМАТИВТІК</b>	
<b>СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>1 АРНАЙЫ ӘСКЕРИ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>12</b>
1.1 Арнайы әскери мектеп оқушыларының зияткерлігін дамытуудың психологиялық-педагогикалықнегіздері.....	13
1.2 Арнайы әскери мектептердегі оқушылардың зияткерлігін дамытуудың моделі.....	42
1.3 Арнайы әскери мектептердегі оқушылардың зияткерлігін дамытуудың психологиялық-педагогикалық шарттары.....	56
Бірінші тарау бойынша тұжырым.....	96
<b>2 АРНАЙЫ ӘСКЕРИ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЭКСПЕРИМЕНТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕСІ.....</b>	<b>98</b>
2.1 Арнайы әскери мектептердегі оқушылардың зияткерлігін дамытуудың қазіргі жағдайы.....	98
2.2 Арнайы әскери мектептерде оқушылардың зияткерлігін дамытуудың әдістемесі.....	136
2.3 Тәжірибелік эксперимент жұмыстарының нәтижесі.....	161
Екінші тарау бойынша тұжырым.....	172
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>174</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБІЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>177</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>187</b>

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2015.21.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010, ҚР Президентінің №1118 Жарлығы, Астана (2014.12.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан Халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012ж).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014ж).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Интеллектуалды ұлт - 2020». 17 қаңтар, 2014 ж. – Астана.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015ж).

Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасы. Астана, ҚРБЖГМ №521 бұйрығы 16.11.2009ж.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарттары. – Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының 2013-2015 жылдарға арналған кешенді тәрбие бағдарламасы 2013, Астана.

## **АНЫҚТАМАЛАР**

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Зияткерлік** – бұл адамның барлық танымдық әрекеттері, тар мағынада – араласу, ой алмасу және адамдардың өзара түсіністігі құралы ретінде тілмен тығыз байланысқан ойлау үдерісі.

**Интеллект** – индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің біршама орнықты құрылымы. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық процестер кіреді.

**Зиялышық, зияткерлік** – адамның жоғары мәдениеттілігінің, ақыл парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым.

**Интелектуалды дамыған тұлға** - интелектуалды қабілеттің жоғары деңгейін менгерген, түйінді құзыреттіліктері, жалпы мәдениеті, патриотизмі мен азаматтығы жоғары қалыптасқан адамның тәрбиелік идеалы деп түсіндіріледі.

**Шарт** – қоршаған орта құбылыстарынсыз өмір сүре алмайтын, дами алмайтын, осы қоршаған орта құбылыстарына деген бір заттың қатынасын көрсететін категория.

**Педагогикалық шарттар** – қойылған мақсатқа жетуге бағытталған, арнайы шаралардың жиынтығын кіріктірген педагогикалық үдерістің маңызды компоненті.

**Арнайы әскери мектеп** – мектеп жасындағы оқушылар үшін арнайы мамандандырылған оқу мекемесі. Арнайы әскери мектеп жалпы орта білім береді және өз тәрбиленушілерін жоғары әскери оқу орындарына түсуге даярлайды.

**Модель** – нысан және оған қарым-қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема, т.б.).

**Психологиялық сүйемелдеу** - жасөспірімнің өз мәселелерін өзі дербес шешүгे, құнделікті қыншылықтарды женуге және қоршаған ортаны адекватты қабылдауға үйрету.

**Кәсіби өзін-өзі анықтау** – кәсіби еңбектің мазмұны мен талаптарына адамның кәсіби психологиялық мүмкіндіктерінің дербес әрі саналы үйлесуі, сондай-ақ нақтылы әлеуметтік-экономикалық жағдаятта өзі атқаратын әрекеттерінің мағынасын табуы.

**Инновациялық процесс** – білім беру ісіне тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне апаратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет.

## KIPIСПЕ

### Зерттеу көкейкестілігі

Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кәсіби білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Елбасының бес институционалды реформасын жүзеге асыру бойынша қабылданған «100 қадам» Ұлт жоспары реформасының 79-қадамында «даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру» қажеттілігі көрсетіледі [1]. Білім алушылардың зияткерлігін дамыту осы міндеттерді жүзеге асырудың негіздерінің бірі бола алады. Осы мәселе ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жоғары оқу орындарына арналған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты актілік дәрісінде айтылып, «интеллектуалды ұлт» қалыптастырудың негізгі аспектілерінің бірі «қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, зияткерлікке, Отан мен халқына қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту» екендігі атап етілген [2].

Осыған орай оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуды болашақ әскери мамандарды даярлау ұдерісінде жүзеге асырудың көкейкестілігі артады. Олай дейтініміз Қазақстан Республикасының Қарулы күштері мамандарының даярлану деңгейі - Мемлекеттің тәуелсіздігі, әскери қауіпсіздігі және жаңа мыңжылдықта мемлекетіміздің алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылуы кепілі болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2013 жылдың 20 сәуірінде «Арыстан» мамандандырылған лицейінде: «Мемлекетті құрудың 20 жылынан соң, «Қазақстан - 2050» стратегиясындағы міндеттерді орындау үшін бізге сапалы білім алған, инновация бағытында жұмыс жасайтын жастар керек! Отанымызды сақтау, тәуелсіздігімізді көздің ақ пен қарасындаң күту барлық адам борышы, әсіресе ер адамдардың борышы! Қасық қанымыз қалғанша елімізді, жерімізді ата-бабаларымыз сияқты сақтауымыз керек! Ол үшін әскери білім керек, білімді болу керек, өз ісінің маманы болу керек! Ары қарай мемлекет үшін еңбек ететін жастар Сіздерсіздер!» - деген сөзі біздің ойымызды дәлелдей түседі [3].

Практика көрсеткендей, нарықтық қатынастың дамуымен, әлеуметтік қорғаудың, Қарулы күштер оқу орнына түсушілердің тұлғалық көрсеткіштерінің төмендеуінен, яғни әскери қызметкерлерді даярлауға кәсіптік бағдар беру мәселесін шешу қажеттігі туындайды. Аталған мәселені шешу арнайы әскери мектеп оқушыларының зияткерлігінің дамуына ықпал ететін оқытудың белсенді формаларын ендіруді, кәсіби даярлық сапасын көтеруді, кәсіби міндеттерді шешуге деген шығармашылық бағытты, белсенді ойлауды, әскери іс-әрекетке деген мотивациясының жоғары деңгейін, кәсіби ұтқырлықты және құзыреттілікті талап етеді.

Қазіргі күні қарулы құштерді реформалау процесіне қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық даму заңдылықтары ықпал етеді. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тәрбие берудің 2013-2015 жылдарға арналған кешенді бағдарламасының мақсаты: білім алушылардың патриоттық және азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салты, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыруға бағдарланған ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту, - болып табылады [4]. Сондай-ақ, бағдарламада әскери-патриоттық, әскери-спорттық клубтар мен орталықтардың жұмысын жандандыру туралы айтылған. Осыған орай да ұлттық тәрбие жүйесін дамыту мен жаңғыртудың кепілі болып табылатын, әскери-патриоттық тәрбие беретін арнайы әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамыту қажеттілігі артады.

Осы бағыттарда зерттелген еңбектер аз емес. Арнайы әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде зияткерлікті дамытудың педагогикалық шарттары ұлы ойшылдар мен ағартушылардың ғылыми еңбектерінде тікелей зерттеу объектісі болмаса да, тұлғаның даму мәселесіне қатысты ой-пікірлер Аристотель [5], И.Кант [6], Г.Гегель [6], Д.Юм [7], А.Бергсон [8], шығыс ғұламалары әл-Фараби [9], Ж.Аймауытов [10], Ж.Баласағұн [11] және қазақ ойшылдары Ш.Уәлиханов[12], А.Құнанбаев [13] еңбектерінен бастау алған.

Ресей ғалымдары еңбектерінде зияткерлік логикалық, аналитикалық, рационалды бастамамен теңестіріледі. Олардың зерттеулерінде балалардың зияткерлігін ерте жастан дамыту (Л.А. Венгер [14], Л.С. Выготский [15]), П.Я. Гальперин [16], З.И. Калмыкова [17], С.Л. Рубинштейн [18]); зияткерлікті қабілет теориясы тұрғысынан негіздеу (Б.М. Теплов [19], Я.А. Пономарев [20], Б.Ф. Ломов [21]); танымдық процестердің дамуы тұрғысынан зерделеу Б.Г. Ананьев [22], М.Д.Дворяшина [23], Е.И. Степанова [24]); шығармашылық қабілеттерді дамыту арқылы зияткерлігін қалыптастыру (Д.Б. Богоявленская [25]) мәселелері қарастырылған.

Отандық ғалымдар С.Ж.Пірәлиев, С.Т.Иманбаева, Н.Н.Хан, Ж.Ы.Намазбаева, Ш.Оразбаева, С.И.Калиева, Л.М.Нарикбаева, А.Е.Берікханова және т.б. [26] педагогика ғылымы саласында білім алушылардың зияткерлігін дамыту, зияткер ұлтты тәрбиелеу мәселелерін зерделеген.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде зияткерлік әлеуетті құрайтын шығармашылық, дарындылық мәселелері жан-жақты қарастырылған.

У.Б.Жексенбаева [27], А.К.Сатова [28] дарындылықтың табигаты мен мәнін анықтаудағы теориялық-әдіснамалық бағыттарды, дарынды балаларды оқыту мен дамытудың психологиялық-педагогикалық, әдіснамалық негіздерін, дарынды оқушыларды диагностикауды, оларды оқытуда оқу іс-әрекетін және білім беру мазмұнын ұйымдастыру А.Б.Оспанова [29], А.С. Швайковский [30], С.А.Нұржанова [31], Қ.М.Нағымжанова [32] жоғары мектепте болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастырудың

педагогикалық шарттарын, Р.И.Қадірбаева [33], Р.С. Омарова [34], білім берудің жана парадигмасы жағдайында окушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздерін, К.Ә.Қонақова [35] білім беруді интеллектуалдандыру жағдайында бейіндік оқыту ортасын дамытуды болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытуды жан-жақты зерттеген.

Психологияғылымы саласында С.М.Жақыпов [36] оқыту үдерісінің психологиялық құрылымын, Ж.Ы.Намазбаева [37] шығармашыл, зияткерлі тұлғаны дамытуды, А.Ж.Аяғанова [38] зияткерлік пен өзіндік бағалаудың өзара байланысына этнопсихологиялық түсініктердің ықпалын зерттеп, негіздеген.

Қазақстан ғалымдары жоғары әскери оқу орындарында офицер мамандарын даярлау мәселесін әрқырынан зерделеген. Мемлекеттің қорғаныс қызметі үшін кәсіби кадрларды даярлау мәселесі А.Х.Тасбулатовтың [39], жоғары әскери білім беру жүйесінде болашақ шекарашиби-офицердің кәсіби іс-әрекетіне қызығушылығының қалыптасу үдерісі Т.Г.Малғаждаровың [40], білім беруді ақпараттандыру жағдайында әскери педагогиканы оқыту болашақ офицерлердің кәсіби-құндылық бағдарлануы С.С. Таулановтың [41], оқудан тыс уақытта жоғары әскери оқу орындары курсанттарының ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің негіздерін қалыптастыру Л.А. Бирюктың [42], әскери жоғары оқу орнының оқу үдерісінде курсанттардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы А.М.Сағанаевтың [43], офицер кадрларды даярлауда инновацияларды ендірудің педагогикалық шарттары А.Н.Ергалиеваның [44], әскери институт курсанттарының креативті ойлаудың дамытудың педагогикалық-психологиялық негіздері Б.К.Сактағановтың [45] енбектерінде қарастырылған.

Сонымен жоғарыда аталған педагогикалық, психологиялық және әскери-педагогикалық әдебиеттерде негізінен бейіндік оқытуда зияткерлік ортаны дамыту, этнопсихологиялық тұрғыда зияткерлік пен өзіндік бағалаудың өзара байланысы, жоғары оқу орындарында болашақ офицерлердің кәсіби құндылық бағдары, әскери оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды пайдалану, жоғары оқу орындарында курсанттардың зияткерлік әлеуетін қалыптастыру және т.б. бағыттары зерттеліп, әскери мектепте оқушылардың зияткерлігін дамыту үдерісін жанама қарастырған.

Арнайы әскери мектептерде оқушыларды кәсіби бағдарға дайындау ғылыми білімнің кең көлемінен тұрады, арнайы білімдермен қатар жаратылыстану-математикалық білімдері де жетекші рөл атқарады. Егер оқу пәндері оқушылардың арнайы білімдері мен дағдыларын дамытуға бағытталса, зияткерлікті дамытуда жаратылыстану-математикалық пәндерді оқытудың рөлі зор.

Дегенмен, арнайы әскери мектеп оқушыларының зияткерлігін дамыту бойынша талданған ғылыми-педагогикалық және әдістемелік енбектер, өзінің конструктивті шешімін талап ететін қарама-қайшылықтардың бар екенін көрсетті:

- қазіргі қоғамға батыл, еркін, кәсіби бағдарын айқын білетін, өзін-өзі зияткерлік түрғыда дамытатын, өзін-өзі тәрбиелейтін, өздігінен ізденуге қабілетті оқушы тұлғасына деген сұраныстың артуы мен ұлттық білім парадигмасының өзгеруіне байланысты әскери мектеп оқушыларының зияткерлігін дамыту мәселесінің шешілмеуі;

- арнайы әскери мектепте оқушылар зияткерлігін дамыту жағдайларының болуы мен оқу-тәрбие үдерісінде зияткерлікті дамытуға бағытталған психологиялық және педагогикалық шарттардың айқындалмауы;

- арнайы әскери мектеп оқушылары зияткерлігін дамытуды ғылыми-әдістемелік негіздеу және оны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешенниң болмауы.

Осы аталған қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру зерттеу тақырыбын «Арнайы әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың педагогикалық шарттары», - деп таңдауға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** арнайы әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың педагогикалық шарттарын ғылыми-теориялық түрғыда негіздел, әдістемесін дайындау.

**Зерттеу нысаны:** арнайы әскери мектептердегі оқу-тәрбие үдерісі.

**Зерттеу пәні:** арнайы әскери мектептердегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың педагогикалық шарттары.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер, арнайы әскери мектептердің оқу-тәрбие үдересінде субъектілік-әрекеттік бағыт негізінде зияткерлікти дамытудың мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттері өзара байланысы қамтамасыз етілетін болса, оны жүзеге асыру әдістемесі жасалып, оқу-тәрбие үдерісіне ендірілсе, онда оқушылардың зияткерлігі дамуының негіздері тұрғысынан әскери мамандығына кәсіби мотивациясы жоғары деңгейде қалыптасады, кәсіби білімдері тереңдетіледі. Өйткені арнайы әскери мектептерде оқушылардың кәсібін саналы түрде, терең ойлану негізінде таңдауы маңызды саналады.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** арнайы әскери мектептердегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың педагогикалық шарттары мен ғылыми негізделген әдістемесі атлаған оқу мекемесінің оқу-тәрбие үдерісінің тиімділіктерімен дастырылуына, оқушылардың зияткерлікпен өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі жүзеге асыруына ықпалын тигізеді.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. Арнайы әскери мектептерде зияткерлігі дамыған оқушы тұлғасы ұғымына анықтама беру.

2. Арнайы әскери мектептердегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.

3. Арнайы әскери мектептердегі оқушылардың зияткерлігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау.

4. Оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың әдістемесін дайындаپ, тәжірибелік-эксперимент арқылы оның тиімділігін тексеру.

**Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздері:** тұлғаны зерттеудегі кешендік, жүйелік тұғырлар, тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы, зияткерлік теориялары, кәсіби білім берудің тұлғаға бағдарланған мәселелері, өзін-өзі дамыту туралы тұжырымдамалары.

**Зерттеу қөздері:** зерттеу мәселесі бойынша философтардың, педагогтар мен психологтарыңызбектері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары, Қазақстан Республикасы үздіксіз тәрбие тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің орта және арнайы әскери мектептердегі оқу-тәрбие үдерісіне байланысты ұсынған құжаттары (тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар), Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заны, «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».

**Зерттеу әдістері:** зерттеу мәселесі бойынша, ғылыми болжам мен алға қойған міндеттерді шешу үшін теориялық (философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-теориялық еңбектерді талдау, салыстыру, жүйелеу, модельдеу, қорытындылау); эмпирикалық (оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, сұхбаттасу, сауалнама алу, психологиялық тестілеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар); статистикалық (тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін математикалық-статистикалық өндөу және талдау) әдістер қолданылды.

### **Зерттеудің кезеңдері**

Бірінші кезең (2012-2013) – зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық-психологиялық, шет елдік және отандық ғалымдардың ғылыми-әдістемелік еңбектеріне, нормативтік құжаттарға теориялық тұрғыдан талдау жасалды және ғылыми аппараты айқындалды. Арнайы әскери мектептердегі оқушылардың зияткерлігін дамытудың оның мазмұндық-құрылымдық моделі жасалып, өлшемдері мен деңгейлері көрсетіліп, педагогикалық шарттары айқындалды.

Екінші кезең (2013-2014) – арнайы әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі мен педагогикалық шарттарының оқу-тәрбие үдерісіне енгізу тиімділігін анықтау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді. Анықтау эксперименті барысында әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың өлшемдеріне сәйкес бастапқы білім деңгейлері зерделенді. Осы кезеңде әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытуға бағытталған «Зияткерлі тұлға – болашақ кепілі» атты факультативік сабакбағдарламасы оны іске асыратын әдістемесі дайындалып, оқу-тәрбие үдерісіне енгізілді.

Үшінші кезең (2014-2015) – арнайы әскери мектептерде жүргізілген эксперимент бойынша, алғынған нәтижелердің қорытындылары талданып, нақтыланды, эксперимент материалдары әдістемелік түрғыда жүйеленді, соның негізінде, әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың динамикасы анықталды. Әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың тиімділігі мен сенімділігі математикалық-статистикалық түрғыда негізделді.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі**

1. Арнайы әскери мектептерде зияткерлігі дамыған оқушы тұлғасы ұғымына анықтама берілді.
2. Арнайы әскери мектептердегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.
3. Арнайы әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды.
4. Оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік түрде тексерілді.

### **Зерттеудің практикалық мәнділігі**

- «Зияткерлі тұлға – болашақ кепілі» атты факультативтік сабак бағдарламасы мен оның мазмұнында берілген ұйымдастыру формаларын өткізу әдістемесі оқушылардың зияткерлігін дамыту мақсатында арнайы әскери мектептердің оқу-тәрбие үдерісіне ендірілді;
- зерттеу нәтижелерін арнайы әскери мектептерде және әскери жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

### **Көрғауға ұсынылатын қағидалар**

- арнайы әскери мектептердегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамыту психологиялық-педагогикалық ұғым ретінде тұлғаның өзін-өзітабысты жүзеге асыруды пәндік, тұлғалық, жүйелілік құзыреттілікке қолжеткізуімен, бітіруші оқушылардың субъектілік-әрекеттік әлеуетінің әскери білім беретін ұйымдарда табысқа жетуіне негіз болатын кәсіби сәрекеттерінде көрініс береді;

- арнайы әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың моделі оның өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлерін айқындауға негіз болып, оқушылардың әскери тұлға ретінде қалыптасуына ықпалын тигізеді;

- арнайы әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың педагогикалық шарттары оқушылардың өзін-өзі табысты жүзеге асыруы (эмоциялық байланысқа түсे білуі, әскери коммуникативтік міндеттерді орындаібілуі, педагогикалық талаптарды орындаі отырып, әскери норманны сақтау, әскери қарым-қатынас стилін үйренуі, әскери тәртіпті менгеруі жәнет.б.) мүмкіндік береді;

- арнайы әскери мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың әдістемесі олардың болашақ әскери мамандығын

саналы, терең ойлану негізінде таңдауга базыттау үшін педагогикалық үдеріске «Зияткерлі тұлға – болашақ кепілі» атты факультативтік курс бағдарламасы іске асырылады.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі:** зерттеу мәселесіне сәйкес Республикасының ұздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы, оқу-тәрбие үдерісінде тренингтер мен мәселелік тапсырмалар, психологиялық әдістемелер тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттеріне сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-тәрбие іс-әрекеттерін тексерумен факультативтік сабак пен тренингтік кешендер әскери мектептер тәжірибесіне енгізумен қамтамасыз етіледі.

**Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары.** Диссертацияның тақырыбына сәйкес жүргілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша 8 ғылыми мақала, оның ішінде КР БФМ Ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарында - 4, Scopus компаниясының деректер базасына кіретін журналда – 1, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдары жинақтарында - 3 мақала жарияланды.

1. «Modern Educational Approaches as a Factor of Development of Students' Intellectual Abilities» Pedagogika\Padagogy 2015, t.119, Nr.3, p.45-59\Vol.119, No.3, pp.45-59, 2015. ISSN1392-0340. E-ISSN 2029-0551;
2. Оқыту барысында жасөспірімдердің зияткерлік қабілеттерінің психологиялық дамуы. // ПМУ Хабаршысы. Павлодар қ., №2, 2013.Б.30-34
3. Әскери мектеп түлегінің зияткерлік қабілеттерінің құрылымы // ПМУ Хабаршысы. Павлодар қ., №2, 2015.Б.22-27
4. Әскери мектеп тәрбиеленушілерін психологиялық сүйемелдеу. // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, Педагогика сериясы. №1 (41),2014. Б.97-99.
5. Жеке тұлғаның зияткерлік қабілеттерін дамыту шарттары. // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, Педагогика сериясы. №4 (44),2014. Б.119-121.
6. Әскери мектепте оқытын жасөспірімдердің зияткерлік мүміндіктерін дамытудың психологиялық ерекшеліктері. // Халықаралық конференция материалдары. Павлодар қ. Б. 143-146.
7. Development of intelligence via social cognitive learning.// Сборник научных трудов по материалам II Международной научно-практической конференции. г.Белгород, 31 августа 2014. В двух частях. Часть II. С.76-79.
8. Training of creativity as condition of developing students intelligence in military schools. //Материалы XI Международной научно-практической конференции «Эффективные инструменты современных наук». Чехия, Прага, 27.04.2015 по 05.05.2015. С. 64-66.

### **Зерттеудің негізгі базасы**

Эксперимент жұмыстары Алматы облысы, Талғар ауданында орналасқан «Арыстан» мамандандырылған әскери мектебімен Астана қаласындағы генерал С.Қ.Нұрмамбетов атындағы «Жасұлан» республикалық мектеп-интернатында жүргізді.

**Диссертацияқұрылымы.** Диссертация кіріспе бөлімінен, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

**Кіріспе бөлімінде** зерттеу тақырыбының көкейкестілігі ғылыми тұрғыда негізделіп, зерттеу мәселесі бойынша ғылыми аппараты ұсынылды.

**«Арнайы әскери мектептердегі оқушылардың зияткерлігін дамытудың теориялық негіздері»** деп аталатын бірінші бөлімде Отандық және шетелдік психология-педагогика ғылымындағы тұлғаның зияткерлігін дамыту мәселесі теориялық тұрғыда ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар негізінде нақтыланып, арнайы әскери мектептердегі зияткерлігі дамыған оқушы тұлғасы ұғымына анықтама берілді, зерттеу мәселесінің әдіснамалық негіздеріне сүйенілген моделі жасалып, арнайы әскери мектептердегі оқушылардың зияткерлігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды.

**«Арнайы әскери мектептің оқушыларының зияткерлігін дамытудың тәжірибелік-эксперименті және оның нәтижесі»** атты екінші бөлімде зерттеу мәселесінің қазіргіжағдайы талданып, оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың зияткерлігін дамытудың әдістемесі дайындалып, зерттеу мәселесі бойынша жүргілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен олардың қорытындылары келтіріледі.

**Қорытындыда** зерттеу нәтижелері бойынша алынған тұжырымдар сипатталады.

**Қосымшада** зерттеу барысында пайдаланылған диагностикалық материалдар беріледі.